

Түркістан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2026 жылғы 22 қаңтардағы № 23 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 қаңтарда № 37896 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Түркістан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

Н. Кушеров

2026 жылғы 22 қаңтардағы
№ 23 Қаулыға қосымша

Түркістан облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Су нысандарының су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдалану режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 200 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4186 болып тіркелген).

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 200 "Су қорғау аймақтары, белдеулері, олардың шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 182 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4664 болып тіркелген).

3. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 200 "Су қорғау аймақтары, белдеулері, олардың шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 10 қарашадағы № 218 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30510 болып тіркелген).

4. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 200 "Су нысандарының су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдалану режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қаңтардағы № 12 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-0-6235 болып тіркелген).

5. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 200 "Су нысандарының су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдалану режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 3 қыркүйектегі № 175 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6583-13 болып тіркелген).

6. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 200 "Су нысандарының су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдалану режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 255 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6629-13 болып тіркелген).